Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/FQUO1167

Бас редакторы – главный редактор
Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора — Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*
Ответственный секретарь — Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	*д.п.н., профессор*
Жуматаева Е.,	*д.п.н., профессор*
Абибулаева А. Б.	*д.п.н., профессор*
Фоминых Н. Ю.,	*д.п.н., профессор (Россия)*
Снопкова Е. И.,	*к.п.н., профессор (Белоруссия)*
Мирза Н. В.,	*д.п.н., профессор*
Донцов А. С.,	*доктор PhD*
Шокубаева З. Ж.,	*технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 14.35.07

https://doi.org/10.48081/SHCZ1878

Қ. Молдабек, Р. И. Кенжебекова
«Орда» университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дагдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дагдысынқалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дагдысын қалыптастыру үшін білім беру жүйесіне қатысты бастауыш мектепте білім беруді ақпараттандыру, педагогикалық қызмет шеберлігін бастаудың алғашқы тәжірибесіне, ақпараттық технология мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары тәжірибесін жасауды қажет етеді. Онда бастауыш сынып мұғаліміне арнайы және кәсіби білімі мен біліктілігін қолданып жұмыс істеу қажеттігі көрсетіледі. Бұл ақпараттық технология оқушының ой-өрісінің дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар арқылы –дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, белсенділігін, дагдысын, білім сапасын қамтамасыз етеді. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дагдысын қалыптастыру арқылы жағымды көңіл-күйге құрылған ақпараттық оқу ортасында жаңа оқу іс- әрекетін , оқу үрдісін икемді басқара отырып, оқушылардың іс-әрекетін бақылауды сапалық жағынан өзгертуге болады. Барлық жауаптарды тексеруге, көп жағдайда жіберілген қателіктерді есепке алып қана қоймай, сипатын анықтап, дер кезінде оның пайда болуына себепші болған себептерді жоюға көмектесетін мәселелерді қарастырады.

Кілтті сөздер: бастауыш мектеп, қазақ тілі, сөйлеу дағдысы, ақпараттық технологиялар.

Кіріспе

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін тамыз конференциясындағы өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім беру жүйесі ізденісте болуы, үнемі дамуы тиіс. Сондықтан басты үміт жаңа және прогрессивті барлық нәрсеге ашық ұрпақты тәрбиелеуге қабілетті мұғалімдерге жүктеледі», – деп өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі идеяны атап өтті [4].

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады.

Ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс [2].

Сонымен бірге, ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы олардың білім, біліктіліктерін құрайды.

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін білім беру жүйесіне қатысты бастауыш мектепте білім беруді ақпараттандыру педагогикалық қызмет шеберлігін бастаудың алғашқы тәжірибесіне, ақпараттық технология мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары тәжірибесін жасауды қажет етеді. Онда бастауыш сынып мұғаліміне арнайы және кәсіби білімі мен біліктілігін қолданып жұмыс істеу қажеттігі көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізгі теориялары мен тұжырымдарына талдау жасалынды.

В. А. Сластениннің пікірінше, мұғалім жұмысының кәсіби шешуші белгісі кәсіби-педагогикалық бағыттылығы болып табылады [3].

Біз автордың пікіріне қосыла отырып, ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру арқылы компьютерді, электрондық оқулықты, интерактивті тақтаны білім беру саласында пайдалануды жетік меңгертуге

баса назар аудару қажет деп санаймыз. Ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын пайдалануға бейімделген кәсіби дайындығы-ның жүйесіне мыналарды жатқызуға болады:

а) психологиялық дайындық, яғни педагогикалық қызметтегі ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған әртүрлі дәрежелер мен осы білім аймағында өз білімін жетілдіру қажеттілігінен компьютермен жұмыс істеу қызығушылығының бар болуы, кәсіптік ойлау сөйлеу дағдысын дамыту;

ә) ғылыми-теориялық дайындық, ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру жағдайында кәсіби қызмет үшін қажет арнайы білім мен психологиялық-педагогикалық біліктілік қажет;

б) практикалық дайындық, яғни ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың кәсіби іскерлігі мен біліктілігінің деңгейіне қойылатын талаптардың жүзеге асырылуы.

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруды оқыту үдерісінде жүзеге асыруда, баланың өз іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу қажет. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін жетілдіру, және оларды жүзеге асыру, бақылау мен бағалаудағы қалыптастырумен сипатталады.

Ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын қалыптастыруда ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білудің бастауыш деңгейде болуы, олардың сапалы білім алуы, білікті маман ретіндегі кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың бірі болып отыр.

Бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыра отырып, оқушылардың тілін дамыту мақсатымен:

• *Оқушылардың сөйлеу дағдысын;*

•*Оқушының сөйлеу дағдысын арттыруды, әдеби тіл нормасымен сәйкес-тендіре жетілдіруді;*

• *Сөйлеу дағдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру, ана тілінің бүгінгі таңдағы әлеуметтік рөлін, оның басқа тілдермен өзара байланысын, теңдігі мен бірлігін ұғындыруды жүзеге асыру керек;*

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман», – деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің

тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі бастауыш мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы білім дағдыларын қалыптастыру.
Сондықтан өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын ақпараттық технологиялар арқылы оқу-тәрбие үрдерісінде тиімді пайдалану – әрбір педагогтің міндеті. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеу дағдысын дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру – бүгінгі бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі. Оқушы қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеу дағдысының дамуы.

Сондықтан мұғалім қауымының алдына өте үлкен міндет пен жауапкершілік жүктеледі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың жолдарының бірі- ақпараттық технологиялар. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыс істей білуіне назар аударған жөн. Оқушы қызметін активтендіру негізінде қолданылатын ақпараттық технологияларының бірі-деңгейлік саралау технологиялардың элементтерімен қатар ақпараттық технологияны да пайдалана білу.

Сабақ барысында оқушының білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау сөйлеу дағдысын жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты міндеті. Ақпараттық технология оқушының ой-өрісінің дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар арқылы – оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру идеясы жүзеге асырылады, себебі ол оқушының ойлауын, елестетуі мен еске сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасын қамтамасыз етеді.

Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару үшін ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы басты міндет. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адам қалыптастыру бағытындағы білім беру. Бұл талапқа жету жолы – білім берудің тиімді амалдарын таңдай білу. Сондай тиімді жолдардың бірі қазақ тілі пәнін ақпараттық технологиялар арқылы оқыту барысында оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Сөйлеу дағдысы қалыптасқан бала өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін толық әрі жан-жақты меңгереді. Оқытудың ақпараттық технологиялары арқылы балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруды сынып-сыныптағы оқу мазмұнына, оқушылардың жас

және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Себебі ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы әрбір баланың бойындағы дара қабілет анықталады, оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, пікір таластыру деңгейіне жетіп, дамиды дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Нәтижелер мен талқылау

Ғалым В. Л. Беспальконың анықтамасы бойынша педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе дегеніміз – оқытудың әдістемелік жүйесі, формасы мен құралдары мен оған сәйкесті дидактикалық дербес деңгейлік принциптердің талаптарына сәйкес жаңа тұрпаттағы ақпараттық технологияны қолдану.

Ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын қалыптастыруда төмендегідей талаптар қойылады:

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың мақсаты – әр сыныпта әр топтың, әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай жалпы білім беру.

Ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін оқыту мазмұны әр сыныпқа, топтағы, оқушыларға білімді қабылдау сөйлеу қабілетіне сай ұсынылады.

Бастауыш сынып балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолдану оқушының өз қабілеттерін терең де жан-жақты жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды.

Ақпараттық технологиялар арқылы балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың тиімділігі: мұғалім арқылы емес, оқушының өзі, іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі де ұтымдылығы да осында. Мұнда оқушының ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеу дағдысының білігі қалыптасады.

Білім беруді ақпараттандандыру процесі бастауыш сынып мұғалімдеріне өз қызметтеріне жан-жақты пайдалануда үлкен талап қояды. Өйткені ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану – негізгі мәнге ие. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Бүгінгі күні қазақстанның барлық мектептерінде интернет желісіне қосылған компьютерлік кабинет, жаңа үлгідегі жабдықталған мультимедиа-лингофон кабинеті, интерактивті тақтасы бар кабинеттер жұмыс жасауда. Бұл тақталар, компьютерлер тектен тек

құрылып жатқан жоқ, яғни кез-келген бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық технологияларды тиімді, ұтымды пайдалана білуі керек.

Күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғыларын, теледидар мен компьютерді қолдану айтарлықтай нәтиже беретіні белгілі. Күрделі оқып үйретуші программалармен, электронды оқулықтармен жұмыс істеу өте қызықты және оқытуды белсендіріп, педагогикалық әсерін тигізеді. Әрине, бұның бәрі сабақ жақсы техникалық, программалық және әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген кезде, ал мұғалім компьютермен еркін жұмыс істей алған кезде жүзеге асады. Мультимедиа, интернет технологияларының кең етек жаюы ақпараттық технологияларды толық білім сапасына енгізілуі – оқытудың жаңа тиімді құралы етуге болатынының дәлелі. Бүгінгі күннің өзінде бастауыш сыныптағы оқушылар компьютердің кейбір жұмыс істеу принциптерін меңгереді, яғни бала «машинамен» тіл табысып, сол арқылы ақпарат алу тиімділігін түсініп келе жатқанын мойындау қажет. Бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайындағы орын алып отырған басты бағыттарды ескере отырып, білім берудің өзіне тән сипатын былайша көрсетуге болады

Қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру балалардың ынтасын арттырады. Себебі бұл баланың жұмыс істеу жаңалығы ғана емес, оқу тапсырмаларын қиындық деңгейіне қарай реттеп берілуі, дұрыс орындалған тапсырмаларды көтермелеу олардың психологиясына жағымды әсер етеді. Сонымен қатар оқуға деген жағымсыз қарым-қатынастың басты себебін – сәтсіздікті, яғни оқудағы түсініксіздікпен, мәнді де түйінді мәселелермен сипатталатын келеңсіздіктерді толық жоюға жағдай жасайды. Компьютерде жұмыс жасай отырып, оқушы өзінің сөздік қорын молайтады, дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптаса бастайды, жетіле түседі.

Ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыруда бастауыш сынып оқушыларының оқуға, оқу іс-әрекетіне деген ынтасы, қызығушылығы артып, өзіне деген сенімділігі арта түседі.

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру жағдайына ендіре отырып, оқу материалын көрнекі суреттермен, графикалармен қабылдауына әсер етеді. Оқушыға өзіне қажетті нақты көмек формасын сұрай білуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар арқылы қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру жағымды көңіл-күйге құрылған ақпараттық оқу ортасында балалардың жаңа оқу іс-әрекетін бақылауды сапалық жағынан өзгертеді. Барлық жауаптарды тексеруге, көп жағдайда жіберілген

қателіктерді есепке алып қана қоймай, олардың сипатын анықтап, дер кезінде оның пайда болуына себепші болған себептерді жоюға көмектеседі.

Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын орнықтыруда өз іс-әрекеттерінің рефлексиясын қалыптастырып, іс-әрекет нәтижесін көрнекі түрде ұсынуға, көре білуге, өз-өзіне сыни көзбен қарай білуге дағдыландырды.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын сауаттылық бойынша қалыптастыры латын түйінді компетенциялар былайша тұжырымдалады:

– ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының алатын орнын біліп, онымен сауатты жұмыс істей білу;

– күнделікті қоршаған ортадағы түрлі проблемаларды қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының көмегімен шеше білу;

– меңгерілген білім және ақпарат негізінде жаңа анық, нақты білімдер мен түсініктер құрастыра алу;

– өз пікірімен, көзқарасымен айналасындағылармен бөлісу және өз ақпарат көзін жасақтай білу;

– ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып, шығармашылық жұмысқа ұштастыра білу.

Осы аталған түйінді компетенциялардың мынадай түрлері анықталды:

– ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының көзі бола алатын деректерді анықтай білу және оны іздеу стратегиясы мен оны қабылдай алу білігі;

– ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қажет екенін және оны қайдан іздеу керектігін түсіну;

– алынған ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын салыстыру, сұрыптау, талдай алу, ақпарат қорытындыларын тіркеуде түрлі кесте, сызба т.б. қолдана білу;

– ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасу проблемасын шешудің шындыққа сәйкестігі, дәлдігі, жеткіліктігі жағынан бағалай білу;

– балалардың қосымша ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысының қажеттігін сезінуі және мүмкін жағдайда оны алдын-ала білуі;

– шешім қабылдауда ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру амалдарын іздеу, қабылдау және бағалау үрдістерінің қорытындыларын қолдана алу;

– заманауи ақпараттық технологияларды қолдана білу және соның негізінде объектілер мен үрдістердің жаңа ақпараттық моделдерін құрастыра білу;

– әр түрлі салада өзіндік іс-әрекет үшін қажетті болып табылатын мәнді ақпараттар негізінде жеке білім банкін жасақтай алу;

– ақпаратпен жұмыс барысында қазіргі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке баламен, топпен жұмыс істей алу.

Қорытынды

Қорыта келе, бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын, тұлғалық сапасын, әдеттерін жетілдіруге, толықтыруға, сыртқы әлеммен тілдік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, ақпараттық технологиялар арқылы сөйлеуде кездесетін тілдік ерекшеліктерді меңгеруге, өзінің ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру барысында алған білімі мен білігінің негізінде тілді үйрену әдістемесін тәжірибеде шығармашылықпен қолдануда белсенділік танытуға ұмтылуы тиіс.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы https://www.akorda.kz /kz/addresses /addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy

2 **Касымова, Г. М.** Формирование коммуникативной компетентности будущих переводчиков в условиях многоаспектной деятельности: дисс. канд. пед. наук: 13.00.08. – Алматы, 2005.

3 **Сластенин, В. А.** Некоторые признаки педагогических технологий// Ғылыми журнал Ізденіс. – 2012. – № 3. – С. 266–269.

4 **Барсай, Б. Т.** Формирование готовности будущих учителей начальных классов к использованию современных информационных технологий обучения математике. дисс. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2000.

5 Social intelligence as a condition for the development of communicative competence of the future teachers//5th World conference on Educational Sciences. – Italy, 2013. – 2–5 p.

6 The usage of innovation technologies in formation of professional competence of the future specialists// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research. – 2013. – 540–543 p.

7 Tolerance in the System of World – View Culture and Moral Development// Middle- East Journal of Scientific Research. – 2014. – 802–804 p.

References

1 Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti Qasym-jomart Toqaiebtyń Qazaqstan halqyna joldaýy.[President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayeva to the people of Kazakhstan] [Text]. – Astana, 2020.

2 **Qasymova, G. M.** Formirovanie kommýnikativnoi kompetentnosti býdyshih perevodchikov v ýsloviah mnogoaspektnoi deiatelnosti: [Formation of the communicative competence of future translators in the conditions of multidimensional activity] diss. kand.ped.naýk: 13.00.08. [Text]. – Almaty, 2015.

3 **Slastenın, V. A.** Nekotorye priznaki pedagogicheskih tehnologii [Some signs of pedagogical technologies] //Ǵylymi jýrnal. Izdenis. [Text].– 2012. – № 3. – P. 266–269.

4 **Barsai, B. T.** Formirovanie gotovnosti býdýshih ýchitelei nachalnyh klassov k ispolzovaniýý sovremennyh informatsionnyh tehnologii obýcheniia matematike.[Formation of readiness of future primary school teachers to use modern information technologies for teaching mathematics] Diss. kand.ped.naýk: [Text]. – Almaty, 2000.

5 Áleýmettik ıntellekt bolashaq muǵalimderdiń kommýnıkatıvtik quzyrettiligin damytýdyń sharty retinde [Social intelligence as a condition for the development of communicative competence of the future teachers] [Text] // 5-shi Dúnıejúzilik Pedagogıkalyq Ǵylymdar konferensıasy. -Italıa, 2013. 2-5 b. t.

6 Bolashaq mamandardyń kásibı quzyrettiligin qalyptastyrýda ınovasıalyq tehnologıalardy paıdalaný [The usage of innovation technologies in formation of professional competence of the future specialists] [Text]// bilim berý zertteýleri boıynsha 2-shi kıprlyq halyqaralyq konferensıa. – 2013. – 540–543 p.

7 Dúnıetanymdyq mádenıet pen adamgershilik damý júıesindegi toleranttylyq [Tolerance in the System of World – View Culture and Moral Development] . [Text] // Taıaý Shyǵys ǵylymı-zertteý jýrnaly. – 2014. – 802–804 p.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

**К. Молдабек, Р. И. Кенжебекова*
Университет «Орда»,
Республика Казахстан, г. Шымкент.
Материал поступил в редакцию 09.09.21.

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

В статье рассмотрены основное направление формирования речевых навыков через информационных технологий-соответствие требованиям современного общества, способность самостоятельно принимать решения, конкурентоспособность, информационные знания и способности, соответствие квалификации предъявляемым требованиям. Для формирования речевых навыков через информационные технологии необходима информатизация образования в начальной школе применительно к системе образования, первичный опыт начала педагогической деятельности, опыт научно-методической и научно-исследовательской работы по проблеме информационных технологий. В нем указывается необходимость работы учителя начальных классов с применением специальных и профессиональных знаний и умений. Данная информационная технология позволяет развивать кругозор ученика, повышать его интерес к предмету. Через информационных технологий-позволяет реализовать идею развивающего обучения, так как обеспечивает мышление, воображение и память, активность, навыки, качество знаний учащегося. С помощью информационных технологий можно качественно изменить контроль за деятельностью учащихся , гибко управляя новой учебной деятельностью, учебным процессом в информационной учебной среде, построенной на позитивном настроении, путем формирования речевых навыков. Рассматривает вопросы, которые помогут проверить все ответы, в большинстве случаев не только учесть допущенные ошибки, но и выявить их характер и своевременно устранить причины, послужившие причиной его возникновения.

Ключевые слова: начальная школа, казахский язык, речевые навыки, информационные технологии.

K. Moldabek, R. I. Kenzhebekova
«Orda» University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent.
Material received on 09.09.21.

FORMATION OF STUDENTS ‘ SPEECH SKILLS THROUGH INFORMATION TECHNOLOGIES

The article considers the main direction of the formation of speech skills through information technologies-compliance with the requirements of modern society, the ability to make decisions independently, competitiveness, information knowledge and abilities, compliance of qualifications with the requirements. For the formation of speech skills through information technologies, it is necessary to informatize education in primary school in relation to the education system, the primary experience of the beginning of pedagogical activity, the experience of scientific and methodological and research work on the problem of information technologies. It indicates the need for a primary school teacher to work with the use of special and professional knowledge and skills. This information technology allows you to develop the student's horizons, increase his interest in the subject. Through information technology-allows you to implement the idea of developing learning, as it provides thinking, imagination and memory, activity, skills, the quality of knowledge of the student. With the help of information technologies, it is possible to qualitatively change the control over the activities of students, flexibly managing new educational activities, the educational process in an information educational environment built on a positive mood, through the formation of speech skills. Considers questions that will help to check all the answers, in most cases not only to take into account the mistakes made, but also to identify their nature and promptly eliminate the reasons that caused it.

Keywords: primary school, kazakh language, speech skills, information technologies.

Теруге 09.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,31 Mb RAM
Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3810

Сдано в набор 09.09.2021 г. Подписано в печать 30.09.2021 г.
Электронное издание
4,31 Mb RAM
Усл.п.л. 28,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3810

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
pedagogic-vestnik.tou.edu.kz